

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің Павлодар облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті» РММ

РГУ «Департамент контроля качества и безопасности товаров и услуг Павлодарской области Комитета контроля качества и безопасности товаров и услуг Министерства здравоохранения Республики Казахстан»

Нысаның БҚСЖ бойынша коды  
Код по ОКУД  
ҚҰЖҚ бойынша коды  
Код организации по ОКПО

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлікінің 2015 жылғы "30" мамырдагы № 415 бұйрығымен  
Бекітілген № 015/с нысанды медициналық жақтама

Медицинская документация Форма № 015/у  
Утверждена приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от "30" мая 2015 года № 415

## **Павлодар облысы аумағындағы шектеулі карантиндік шаралар туралы № 11-ҚАУЛЫСЫ**

**2020 жылғы «16» қазан**

**Павлодар қ.**

Мен, Павлодар облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Батыrbек Төлеубекұлы Әлиев, Павлодар облысы тұрғындарының арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 38-бабына, 104-бабы, 2-тармағының 3)-тармақшасына, ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің (*бұдан әрі – БМСД*) 2020 жылғы 26 маусымдағы «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» № 43-Қаулысина сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

**1. Павлодар облысының әкімдігі, облыс қала мен аудандарының әкімдері, мемлекеттік орган, ұйым, кәсіпкерлік субъектілерінің, заңды тұлға басшылары:**

1) ғимарат ішінде жалпы толымдылығы 30 орыннан аспайтын, ашық аудада қызмет етуді қоспағанда, әлеуметтік арақашықтықтың, отырғызылуын, үстелдердің көрші үстелдердің шеткі орындары арасында кемінде 2 метр арақашықтықта орналастырылуын және бір үстел алдында 4-6-дан аспайтын адамдардың отырғызылуын сактап, ұжымдық, салтанатты, отбасылық және басқа жарапай өткізілетін іс-шараларды өткізуіз, сағат 8:00-ден бастап 22:00-ге дейінгі жұмыс тәртібімен, қогамдық тамақтану нысандарының (*мейрамханалар, кафе, барлар, асханалар мен басқа нысандар*) қызметін;

2) ҚР БМСД № 43 қаулысинаң талаптарын орындаі отыра, толымдылығын қуатынан 20%-дан асырмай, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отыра, сауда орталықтарының (*ойын-сауық орталықтарын, фудкорптарды, кинотеатрларды қоспағанда*), сауда үйлерінің (*бүтиктер*), сауда желілерінің қызметін;

3) ҚР БМСД № 43 қаулысинаң талаптарын орындаі отыра, жұмыс тәртібін сағат 22:00-ге дейін шектеумен, азық-түлік дүкендерінің қызметін;

4) ҚР БМСД № 43 қаулысинаң талаптарын орындаі отыра, толымдылығын қуатынан 20%-дан аспауын сақтаған жағдайда, жұмыс тәртібін сағат 18:00-ге дейін шектеумен, азық-түлікке жатпайтын тауарларды өткізетін дүкендердің қызметін;

5) ҚР БМСД № 43 қаулысинаң талаптарын орындаі отыра, толымдылығын қуатынан 20%-дан аспауын сақтаған жағдайда, жұмыс тәртібін сағат 18:00-ге дейін шектеумен, азық-түлік пен азық-түлікке жатпайтын тауарларды өткізетін базарлардың қызметін;

- 6) ҚР БМСД № 43 қаулысының талаптарын орындай отыра, уақытын сағат 20:00-ге дейін шектеумен, 1 келушіге 4 шаршы метр есеппен, алдын ала жазылу бойынша СПА-орталықтарының, уқалау қызметтерінің, сұлулық салондарының, шаштараздардың, косметологиялық қызметтерді ұсынатын нысандардың жұмысын;
- 7) ҚР БМСД № 43 қаулысының талаптарын орындай отыра, толымдылығын қуатынан 30%-дан асырмай, жұмыс тәртібін сағат 08:00-ден бастап сағат 20:00-ге дейін шектеумен, моншалардың, сауналардың қызметін;
- 8) ҚР БМСД № 43 қаулысының талаптарын орындай отыра, қуатынан 30%-дан аспайтын толымдылықты қамтамасыз еткен жағдайда, уақытын сағат 8:00-ден бастап сағат 20:00-ге дейін шектеумен, алдын ала жазылу бойынша фитнес-орталықтарының, жаттығу залдары мен спорттық-сауықтыру орталықтарының қызметін;
- 9) ҚР БМСД № 43 қаулысының талаптарын орындай отыра, жұмыс тәртібін сағат 8:00-ден бастап сағат 20:00-ге дейін шектеумен, халықта байланыссыз қызмет корсететін нысандардың қызметін (*баспахана қызметтерін ұсынатын нысандар, түрмисстық техниканы жондеу; телешеберханалар; автосалондар; автомажису; дөңгелек аудиостыру; автомобилдерді жондеу; зергерлік шеберханалар; тігін ательєсі; аяқ-киімді, киімді жондеу жоніндеgee сервис, картридждерді толтыру және басқа нысандар*);
- 10) ҚР БМСД № 43 қаулысының талаптарына сәйкес күшетілген санитариялық-дезинфекциялық режим талаптарын сақтай отыра, дәріханалардың қызметін;
- 11) жексенбі күні қоғамдық көлік (*автобустар, трамвайлар, бағдарлы таксилер*) қозғалысын тоқтата тұруды қамтамасыз етсін.
2. «Павлодар облысы аумағында шектеулі карантиндік шаралар мен оларды кезең-кезеңімен жеңілдсту туралы» 2020 жылғы 16 тамыздағы № 10-Қаулысы 1-тармағының 9), 10), 11), 12), 17), 18), 19), 25)-тармақшалары алынып тасталсын.
3. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы Қаулы 2020 жылдың 18 қазанында сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді.

**Павлодар облысының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**



**Б. Элиев**